

Каспий теңізі Қазақстан секторының мұнай мен газ шығымдылығы әлеуетін бағалау жөнінде Халықаралық Консорциум құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 24 қаңтар 1994 ж. N 1517

Каспий теңізі Қазақстан секторының мұнай мен газ шығымдылығының келешегін зерделеу және шельфтегі кен орындарын одан әрі игеру, әрі Халықаралық консорциумның шетелдік қатысушыларының құқықтарына кепілдік беру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясының, әрі мақсаты Қазақстан Республикасының мүдделеріне сай келетін "Аджип С.п.А.", "Бритиш Газ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед", "БиПи Қазақстан Лимитед", "ден Норске Статс Ольсесельскап а.с.", "Мобил Ойл Қазақстан Инк.", "Шелл Қазақстан Девелопмент Би.Ви.", "Тоталь Эксплорейшн Продакшн Қазақстан" арасындағы халықаралық консорциум құру туралы 1993 жылғы 3 желтоқсандағы Келісім мақұлдансын.

2. Консорциумның шетелдік қатысушылары үшін Келісімде көзделген жобаның экономикалық, салықтық және құқықтық тәртібі белгіленіп, Каспий теңізінің Қазақстан секторында көмірсутегі шикізатын барлау мен өндіру жөніндегі олардың қызметі келісілген мерзімнің ішінде сақталатын болсын.

3. Консорциумның шетелдік қатысушыларына Келісімде көзделген тиісті көлемге сәйкес көмірсутегінің өз үлесін кедергісіз экспортқа шығару құқығы берілсін.

4. Шет ел қатысушыларының барлық қаржылық шығыстары Консорциум туралы Келісімге сәйкес ғылыми-зерттеу, жобалау-іздігіру және геологиялық барлау жұмыстарына жатқызылатын болып белгіленсін.

5. Консорциум Операторы ретінде "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясына Келісімнің шеңберінде өз атынан шет ел валютасымен төлемдерді жүзеге асыру және тиісті республикалық органдармен келісіп, шет ел банктерінде шоттар ашу құқығы берілсін.

6. Осы Жарлықпен мақұлданған Келісімнің қағидалары мен

шарттарын өзгерту Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Консорциумға қатысушылардың жазбаша келісімінің негізінде ғана жүргізіледі деп белгіленсін.

Президенті
Алматы.1994 жылғы 24 қаңтар
N 1517

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК